


Иламанова Мулдир Абдисахиповна

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Жалпы орта білім беретін №17 мектеп-гимназия» КММ

Ақтөбе қ

### Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Сынып 8	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Мен армандайтын мектеп			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау 8.5.1.1 болжалдық сан есімді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану			
Сабақтың мақсаты	<b>Барлық оқушылар:</b> сабақтың тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. <b>Көптеген оқушылар:</b> шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. <b>Кейбір оқушылар:</b> берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады			
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"><li>сабақтың тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады-1б</li><li>шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды-1б</li><li>берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады-1б</li></ul>			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p><b>Жаңа топ құру</b> <b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> «Мен күлгенді ұнатамын» ойын жаттығуы Педагог балаларға:тұңжыраған және көңілсіз,жабырқаған және ойланған көңілді және күлкілі;қайрымды және қуанышты,т.б.кейіпке еніп,бір бірімен рольге кіріп,адамдардың бейнесін келтіруге ұсынады.балалар айнаға қарап, әдемі ақкөңіл кейіпте күлімдейді.педагог осы «Мен күлгенді ұнатамын » жаттығуын күніне бірнеше рет қайталап көңіл күйді күлкімен көтеруге бола- тынын түсіндіреді. «Күлкі-көңіл күйдің сикырлы кілті.Адам күлгенде өз көңіл күйін,өз денсаулығын жақсартады және айналасындағы адамдардың көңіл күйімен денсаулығына жақсы әсер береді.» <b>А сық арқылы бөлу</b> Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды <b>Жұмыс ережесін келісу</b></p> 	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Түрлі – түсті стикерлер  Слайдтар

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</li> <li>• Уақытты үнемдейміз!</li> <li>• Нақты, дәл жауап береміз!</li> <li>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!</li> <li>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</li> </ul> <p><b>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</b>  <b>Мектеп деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Стикерге жазыңдар.</b></p>  <p><b>Оқу мақсатын таныстыру</b></p> <p><b>Күтілетін нәтижені анықтау</b></p>			
<p><b>Ортасы</b></p>	<p><b>Ширату тапсырмасы.</b>  <b>ЖАЗЫЛЫМ</b>  <b>МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС</b>  «Дана үкілер» техникасын қолдану. Оқушыларға аудиотаспадан мәтінді тыңдатады. Жаңа сөздерді тапқызу, сөйлем құрату, диалог құру.  «Дұрыс-бұрыс» тәсілін қолдану.  5,6,7-тапсырмалар  <b>Дескриптор:</b>  -мәтіннен қажет ақпарат алады;  -диалогті рөлге бөліп оқиды; -болжалдық сан есімді табады;  <b>Қалыптастырушы бағалау.</b>  Мұғалім көңіл күй смайликтерімен бағалайды.</p>  <p>1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Өзің қалаған бір нақылдың мағынасын айт.  1. Ғылым — ..., білім — қайық.  2. Ғылым таппай мақтанба, орын ... баптанба (Абай).  3. Отан ... отқа түс күймейсің.  Қажетті сөздер: таппай, үшін, теңіз.</p>	<p>Арнайы ресурстар арқылы жаңа тақырыпты талдайды  Жұп бойынша Жеке, өзара тақырыпты түсінгендерін мұғалімге қол көтеру арқылы білдіреді</p> <p>Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды</p> <p>Оқушылар өзара жұп құрайды, диалогты тыңдайды, кейіпкерлерге мінездеме береді, мәтінге сүйеніп, жаңашыл мектептің ерекшелігін көрсетеді</p>	<p>Смаликте р арқылы ҚБ өзін өзі бағалау</p>	<p>Нақыл сөздер</p> <p>Кесте, таблица</p> <p>карточкалар</p> <p>Ашық сұрап-жауаптар</p>

Рет саны	Тапсырма	Балл саны
	Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қояды	2
	Қалаған бір нақылдың мағынасын ашады	2
	Жазу сауаттылығын сақтайды	1


### АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай мектепте оқисың?
2. Оқып жүрген мектебің ұнай ма?
3. Сенің мектебің несімен ерекшеленеді? Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)

### АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Бұл — қандай мектеп? Оны «жаңашыл мектеп» деп атауға бола ма? Сенің ойыңша, инновациялық мектеп қандай болуы керек? Сенің мектебің қандай? Сипатта.



### Дескриптор:

- мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады.
- шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды.
- берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.

### ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.

жалдап нәрсетеді де қанша? неше? қаншада? сияқты сұрақтарға жауап береді.

Болжалдық сан есім бірнеше жолмен жасалады:  
 1) есеттік сан есімдерге **-лаван/-леген, -даван/-деген, -таван/-теген, -дай/-дей, -тай/-тей** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: жүздеген, отыздаван, қырықтаван, жетпістей, тоқсандай т. б.  
 2) есеттік сан есімдерге әуелі көптік жалғауы, оның үстіне **жаттыс септік жалғауы (-да/-де, -та/-те, -нда/-нде)** жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (жасы) елулерде, (саят) ондарда, бестерде т. б.  
 3) есеттік сан есімдердің **қосарлануы** (он-он бес) арқылы жасалады. Мысалы: он-он бес, қырық-елу, жетпіс-сенсен, қырық-елудей, елу-елу бестерде т. б.  
 4) есеттік сан есімдерге **шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын** сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: жүз шамалы, мыңға тарта, отызға жақын т. б.

### Жұмыс дәптеріндегі жазылым

#### тапсырмаларын орындау

#### Жаңа білім мен тәжірибені қолдану

### ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлемдегі сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып жаз.

1. Биыл 1-сыныпқа (90) оқушы қабылданды.
2. Екінші қабаттағы сыныптарға (50) компьютер қойылды.
3. (5000) кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді.
4. Мектепте (10) үйірме бар.
5. Үйірме жетекшісі Мақсат

ҚБ «Бәре келді,әтте ген-ай»

Бағалау парақшасын толтырады.

ҚБ Бағдаршам

	<p>ағайдың жасы (45). 6. Мектепте (80) білімпаз мұғалім сабақ береді.</p> <p><b>ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ</b> 5-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқындар. <b>МӘТІНМЕН ЖҰМЫС</b> — Саша, сәлем! Оқу жылының басталуымен құттықтаймын! — Рақмет, Әлібек, сені де құттықтаймын! — Мектебінде қандай инновация бар екен? — Біздің мектебіміз жаңа, сондықтан көп артықшылығымыз бар. Сек- сеннен аса кең әрі жарық кабинет бар. Олардың барлығы талапқа сай. Жаңа компьютермен жабдықталған, ғаламтор қосылған. Бес мыңдай кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді. Мұғалімдеріміз де — білімпаз кісілер. Бізге басқа не керек? <b>(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.</b></p>			
Сабақтың соңы	<p><b>Сабақты қорытындылау.</b> <b>«Бір сөйлемдік қорытынды» әдісі</b> арқылы сабақты қорытындылаймын.</p> <p><b>ҚБ: «Ауа райы» тәсілі</b> арқылы топтар бір-бірін бағалайды. Кері байланыс: <b>«3-2-1» стратегиясы.</b> Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат; Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті; Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.</p>	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдары на байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы